

The background of the slide is a light gray gradient with several realistic water droplets of various sizes scattered across it. The droplets have highlights and shadows, giving them a three-dimensional appearance. The main title is centered in a bold, black, serif font.

БЕЗДІ ЭПИТЕЛИЙЛЕР ЖӘНЕ БЕЗДЕР

KAZMED

БЕЗДІ ЭПИТЕЛИЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ:

- БЕЗДІ ЭПИТЕЛИЙ СЕКРЕТОРЛЫҚ НЕМЕСЕ БЕЗДІК ЖАСУШАЛАРДАН-ГЛАНДУЛОЦИТТЕРДЕН ТҰРАДЫ.
- ГЛАНДУЛОЦИТТЕР БАЗАЛЬДЫ МЕМРАНАДА ОРНАЛАСҚАН. ПІШІНДЕРІ ӘРТҮРЛІ БОЛЫП КЕЛЕДІ ЖӘНЕ СЕКРЕЦИЯ САТЫСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗГЕРІП ОТЫРАДЫ. ОЛАРДЫҢ ЯДРОЛАРЫ-ІРІ, ПІШІНДЕЛМЕГЕН БОЛЫП КЕЛЕДІ. НӘРУЫЗДЫ СЕКРЕТ БӨЛЕТІН ЖАСУШАЛАРДЫҢ ЦИТОПЛАЗМАСЫНДА ТҮЙІРШІКТІ ЭНДОПЛАЗМАЛЫҚ ТОР ЖАҚСЫ ДАМЫҒАН. АЛ, НӘРУЫЗДЫ ЕМЕС СЕКРЕТ БӨЛЕТІН ЖАСУШАЛАРДЫҢ ЦИТОПЛАЗМАСЫНДА ТҮЙІРШІКСІЗ ЭНДОПЛАЗМАЛЫҚ ТОР ДАМЫҒАН. ГОЛЬДЖИ КЕШЕНІ ЖАҚСЫ ЖЕТІЛГЕН, МИТОХОНДРИЯЛАРЫ ІРІ.

БЕЗДЕР БӨЛІНЕДІ:

(ӨНДІРІЛГЕН СЕКРЕТТИҢ ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕРІНЕ ҚАРАЙ)

ЭНДОКРИНДІК БЕЗДЕР

Шығарушы түтіктері жоқ, сондықтан гормондарды тікелей қанға бөледі.

Оларға: қалқанша без, гипофиз, эпифиз, ұйқы безі тб.


KAZMED

ЭКЗОКРИНДІК БЕЗДЕР

Секретті дененің бетіне немесе қуысты мүшелердің ішіне шығаратын шығарушы түтіктермен жабдықталған бездер.


Оларға: Бауыр, тер бездері, сүт бездері, май бездері (сальные железы)

ЭНДОКРИНДІК ЖӘНЕ ЭКЗОКРИНДІК БЕЗДЕР



СЕКРЕТОРЛЫҚ ЦИКЛ


ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ТҮРДЕ ҚАЙТАЛАНАДЫ ЖӘНЕ 4 ФАЗАДАН ТҰРАДЫ.



10.22-сур. Ақуыз синтездейтін бездік жасушаның құрылысы; секреторлық циклдің фазалары: 1 - бастапқы (шикізат) заттардың жұтылу фазасы, 2 - секретті синтездеу фазасы, 3 - секретті жинақтау фазасы; 4 - секретті шығару фазасы.

- 1) Бастапқы заттардың жұтылу фазасы. Қаннан секреторлық өнімді синтездеу үшін қажет ұсақ молекулалы заттардың түсуі.
- 2) Секретті синтездеу фазасы. ЭПТ
- 3) Синтезделген өнімнің жинақталу фазасы. Секреторлық өнім Гольджи комплексіне түсіп, пісіп жетіледі де, секреторлық вакуольдерге буынып-түйіледі.
- 4) Секретті шығару фазасы кезінде вакуольдер немесе гранулалардың ішіндегі заттар жасушадан экзоцитоз, диффузия немесе басқа механизмдер арқылы шығарылады. Шығара алмай қалған артық секреторлық гранулаларды лизосомалар жойып отырады.

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯ



СЕКРЕТТІ БӨЛІП ШЫҒАРУ ӘДІСІНЕ ҚАРАЙ

1. МЕРОКРИНДІК БЕЗДЕР

(СЕКРЕТ ПЛАЗМОЛЕММАНЫ ЗАҚЫМДАМАЙ, ЖАСУША ҚҰРЫЛЫМДАРЫН БҰЗБАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. МЫСАЛЫ: СІЛЕКЕЙ, ҰЙҚЫ БЕЗІ)


2. АПОКРИНДІК БЕЗДЕР

KAZMED

(ЦИТОПЛАЗМАНЫҢ АПИКАЛЬДІ БӨЛІГІ, ЯҒНИ БАСЫНДАҒЫ, ЖАСУШАНЫҢ БІР БӨЛІГІНІҢ БҰЗЫЛУЫ. МЫСАЛЫ: ТЕР ЖӘНЕ СҮТ БЕЗДЕРІ)

3. ГОЛОКРИНДІК БЕЗДЕР

(ЦИТОПЛАЗМАНЫҢ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРУІ, НӘТИЖЕСІНДЕ ГЛАНДУЛОЦИТТЕР ТОЛЫҒЫМЕН БҰЗЫЛАДЫ ДА, СЕКРЕТКЕ АЙНАЛАДЫ. МЫСАЛЫ: МАЙ БЕЗДЕРІ)



ӨНДІРІЛГЕН СЕКРЕТТІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ БОЙЫНША:

- ШЫРЫШТЫ(МУКОЦИН-ГЛИКОПРОТЕИНДІ)
- СЕРОЗДЫ(НӘРУЫЗДЫ)
- АРАЛАС(НӘРУЫЗДЫ-ШЫРЫШТЫ) KAZMED
- ЛИПИДТІ(МАЙЛЫ)